

A. Kadirbergenova

B.

QUALITY AND COMPETITIVENESS OF HIGHER EDUCATION: INTERNATIONALIZATION OF VECTOR

The article examines one of the most important current trends of economic development - internationalization - in relation to the field of higher education, its basic shape and features, such as the mobility of students and teachers, the internationalization of curricula and programs, the creation of regional and international university networks, export of educational services and their impact on the competitiveness of nations and regions.

ӘОЖ 330.101.8

Б.Б. Қалықова, Ә. Саяпил

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ БОЛАШАҚ ДАМУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Аннотация. Кеңестік экономикалық кеңістіктегі интеграциялық жобалар дезинтеграциялық, яғни интеграцияға қарама-қарсы сипаттағы ыдырау үрдісінің басымдығымен түйіседі. Бұрынғы кеңестік мемлекеттердің экономикалық өзара тәуелділігі интеграциялық процестердің іргетасын қирата отырып, төмендеуде.

Кілт сөздер: интеграция; интеграциялық одақ; Еуразиялық Экономикалық қауымдастық (ЕурЭК); дүниежүзілік нарық; жан басына шаққандағы ЖҰӨ; халықаралық экономикалық ұйым.

ЕурЭК бүгінгі күнгі жоғары экономикалық даму көрсеткіштеріне қарамастан көптеген экономистер болашақта оның ЕО сияқты іргелі интеграциялық одақ болатынына шүбәлене қарайды. Мысалы, В.Ю.Шишков бұрынғы кеңестік одақтағы экономикалық интеграциялық жобаларды дезинтеграциялық, яғни интеграцияға қарама-қарсы сипаттағы ыдырау үрдісі басым деген түсінік береді.

Кеңестік экономикалық интеграцияның мүмкін еместігінің тағы бір дәлелі тауар айналымының статистикасы болып табылады. Бірақ, ТМД мемлекеттерінің өзара тауар айналымы 1990 жылдары абсолюттік тұрғыдан артса, салыстырмалы тұрғыдан ол керісінше тұрақты түрде төмендеді. Бұл өз кезегінде интеграциялық үдерістің негізгі іргетасын бұза отырып, кеңес одағы мемлекеттерінің экономикалық өзара тәуелділігін төмендетеді.

Отандық өндірушілердің тауарларының бәсекеге қабілетсіздігі – бұл бір мезгілде өзара сауда қатынастарын қолдаушы және оған қарсы фактор ретінде көрініс табады: бұл тауарларды «жақын шетелдерге» ғана экспорттауға болады, бірақ импортшылар «алыс шетелдерден» әкелінетін неғұрлым сапалы тауарларға бетбұрыс жасауға тырысады. Нарықтық шаруашылықта соңғы сөз әрқашанда тұтынушыдан болатындықтан, «жақын шетелдерден» әкелінетін дайын тауарларға сұраныс азаяды. Дүниежүзілік нарыққа қарағанда Ресейден анағұрлым төмен бағамен сатып алуға болатын шикізат өнімдерін (мұнай, газ, мыс, алюминий) алу бұл үрдістің артықшылығын көрсетеді. Бірақ, мұндай сауда «жақын шетелдерді» Ресей тарапынан жасырын түрде субсидиялады, яғни «қолдауды» қажет етеді.

Интеграцияның тежелуінің келесі бір маңызды себебі - бұл ТМД мемлекеттерінің ұлттық экономикалық жүйелерінің арасындағы алшақтық. Біріншіден, Ресей бұрынғы

кеңестік республикалардың барлығына мәлім тең құқықсыздықпен объективті түрде қамтамасыз ететін өзінің экономикалық және саяси күшімен басым тұрады. Екіншіден, ТМД-н әрбір мемлекетінің экономикалық даму деңгейі сапалық және сандық тұрғыдан бірдей емес. Орталық Азия республикаларында жан басына шаққандағы ЖҰӨ көрсеткіші ресеймен салыстырғанда анағұрлым төмен (Қазақстанда шамамен – 25 пайызға, Қырғызстанда – 70 пайызға, Тәжікстанда – 90 пайызға). Белоруссияда ғана жан басына шаққандағы орташа көрсеткіштер Ресейдікіне жақын, бірақ меншікті мемлекет иелігінен алу бөлімі бойынша Белорусь Орталық Азиядан әлде қайда артта қалып қойды (1999 ж. Ресейде ЖҰӨ 70% жеке сектор берсе, Қазақстанда – 55%, Тәжікстанда – 30%, Белоруссияда – бар жоғы 20%).

ТМД мемлекеттерінде кеңес одағы кезінде бәтуаластық мәдениеті қалыптаса қоймады. Ұлттық саяси элиталар нақты билікті империялық менмендікке күдіктенетін Москвамен бөліскісі келмеді. Сондықтан интеграция жайлы арзан беделді «сөз» нақты «істің» болмауымен қоян қолтық жүреді. Сондай ақ, бір мезеттік экономикалық қызығушылық туралы сөз болған кезде, интеграциялық көпірме сөз ұмытылып қалады. Мысалы, 1998 жылғы дағдарыс кезінде рубльдің бағамы түскеннен кейін Ресей тауарларының бағалық бәсекеге қабілеттілігі дереу жоғарлады, осы кезде Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев Кедендік Одақтағы әріптестерінің келісімінсіз барлық Ресейлік азақ-түлік тауарларына 200 пайыздық баж салығын енгізді. Бұл дерек Назарбаевты ЕурЭҚ құрудың негізгі бастаушысы екендігінің тағы бір дәлелі. Қырғызстан болса, барлық серіктестерін басып озып ДСҰ мүшелікке кіріп үлгерді. Сарапшылардың айтуы бойынша мәдениеті ұқсас Ресей, Белоруссия, Украин және Қазақстан сияқты елдер арасында интеграциялық топтардың қалыптасуы мүмкін екендігін айтады.

Бүгінде экономикалық саясат төңірегінде Кедендік одаққа қатысушы мемлекеттердің экономикасын құрылымдық қайта құрудың негізгі бағыттары келісілді. Сонымен қатар ЕурЭҚ қатысушы елдерінің барлығына ұлттық валюталардың кедергісіз айырбасталатын жүйесі енгізілді. Ұлттық қаржылық - валюталық жүйенің өзара әрекетін қамтамасыз ету шаралары келісілді. Ортақ төлем жүйесін құру жұмыстары басталды.

Білім туралы, ғылыми атақ пен дәрежені мақұлдау туралы құжаттардың құқықтық негізі қаланды. Біртұтас экономикалық кеңістік құрудың концепциясы анықталды. Гуманитарлық салада азаматтарды визасыз тасымалдау ережесі енгізіліп, жедел медициналық көмек алу процесі келісілді, пошталық және ақшалай аударымдарды жіберу процедуралары жеңілдетілді. Азаматтық алудың жеңілдетілген жолдары келісілді. Сауда саласында, салық, кеден, қаржы – валюталық және әлеуметтік салада ұлттық заңдылықтардың үйлесімділігі басталды.

ЕурЭҚ Өзбекстанның қосылып кеңеюімен Қауымдастық елдерінің транзиттік потенциалын тиімді пайдалану мүмкіншіліктері артады, транспорттық инфрақұрылымды жетілдіру, экономиканың базалық салаларында (әсіресе, машина жасау, отын-энергетикалық, және металлургия салаларында) және аграрлық салада бірлесіп қызмет етудің келісілген саясаттары жүргізілуде. Көрсетілген бағыттардың жүзеге асырылуы ЕурЭҚ мемлекеттерінің болашақта тауар мен қызмет көрсетудің ортақ нарығын қалыптастырудың маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Бірақта Қауымдастық елдеріндегі нарықтық қайта құрудың әр түрлі деңгейі, мемлекетаралық деңгейдегі кеден саласындағы және тарифтік саясат бойынша кейбір шешімдердің орындалмауы ЕурЭҚ төңірегінде интеграциялық процестердің дамуына кедергі келтіруде.

Көлік және энергетика саясатында да интеграциялық кемшіліктер байқалады. Ең басты проблема қойылған тарифтік емес кедергілер болуда: экологиялық жинақтар, транспорттық инфраструктураны пайдаланғаны үшін төлейтін төлемдер, әкімшілік шектеулер және де транспорттық коммуникацияларға ортақ талаптардың болмауы.

ЕурЭҚ энергоресурстар төңірегінде қойылған кедендік бақылау жүйесінің тиімсіздігінің сақталып келе жатқанын айта кету керек. ЕурЭҚ елдері территориясында

тауарлар мен қызметтерді тасымалдауда олардың ішкі шекаралары арқылы баж салықтарны көп жағдайда өндіріліп алынбайды. Бірақ шекарадан өтетін барлық жүк толық кедендік рәсімдерден өтеді, және ол өз кезегінде жүк пен жолаушылардың қозғалысын баяулатады.

ЕурЭҚ мемлекеттерінің экономикалық даму деңгейлері бір-бірінен өте алшақ. Экономикалық тұрғыдан анағұрлым дамыған мемлекеттерге экономикалық өсудің тұрақты қарқыны орнаған Ресей, Беларусь және Қазақстан сияқты мемлекеттерді жатқызуға болады. Бірақ, бұл үш мемлекет те нарықтық қайта құру деңгейі бойынша өзара бір-бірінен ажыратылады.

Бүгінгі таңда экономика саласына шет елдік инвестицияларды тартуды талап ететін неғұрлым дамыған мемлекеттер қатарына Қырғызстан Тәжікстан және Өзбекстанды жатқызуға болады. Өзбекстанның ЕурЭҚ-қа кіруі Қауымдастық елдерінің экономикалық даму деңгейі мен нарықтық қайта құруларды қалыптасуындағы айырмашылықтар одан әрі күшейе түсуде. Болашақта ЕурЭҚ-ң даму стратегиясын анықтау мәселесі бойынша Астана, Москва және Ташкент арасында келіспеушілік туындауы мүмкін.

Сондай-ақ, ЕурЭҚ мемлекеттері арасындағы өзара сауда қатынасында пайдаланатын демпингке қарсы шараларды қолдануы да проблема болуда. Ең негізгі келеңсіздік, ЕурЭҚ мемлекеттерінің ДСҰ кіруінің экономикалық және саяси салдарын бағалауда кешендік талдауының болмауы, ЕурЭҚ елдерінде ұлттық қор және валюта нарықтарының нашар дамуы, ЕурЭҚ мемлекеттерінің аграрлық саласындағы интеграцияның төменгі деңгейі.

Қауымдастық елдерінде экономиканың аграрлық саласына инвестиция тартуы өте төмен деңгейде сақталуда. Сондай ақ, ЕурЭҚ мемлекеттерінде орта және шағын бизнес субъектілерінің өзара қарым қатынасы да төменгі деңгейде. ЕурЭҚ мемлекеттерінде орта және шағын бизнес субъектілерінің өзара қарым қатынасына төмендегідей бірқатар кедергілер өз әсерін тигізуде: Қауымдастық елдерінде кәсіпкерлікті дамытуда белгілі бір тәуекелділіктің болмауы; жемқорлықтың жоғары деңгейі; мемлекеттік органдардың орта және шағын кәсіпорындардың іс-әрекетіне араласуы; орта және шағын бизнесті қолдаудағы қаржылық инфрақұрылымның жетіспеушілігі және т.б. Бүгінгі күнгі ЕурЭҚ мемлекеттерінде орта және шағын бизнесті дамытудағы негізгі проблемаларына әр түрлі заңдық кедергілер, мемлекет тарапынан болатын көптеген тексерулер, шенеуніктердің кәсіпкерлік қызметті бақылауға алуын жатқызуға болады.

ЕурЭҚ интеграциялық жобаның болашағы осы аталған проблемалардың барлығын нақты әрі серпінді шешумен байланысты. Қойылған мақсаттарды жүзеге асыру жақын арада ЕурЭҚтың негізгі мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. ЕурЭҚ тиімділігін арттыру ең алдымен Ресей Федерациясы үшін маңызды болмақ. Өйткені, Ресей үшін ЕурЭҚ бұрынғы кеңес одағы елдерін басқарудың негізгі тетігі болып табылады. ЕурЭҚ, бұрынғы КСРО ның біршама бөлігін алып жатқан толыққанды халықаралық ұйым болып табылады. Бұл өз кезегінде экономикалық тұрғыдан ЕурЭҚ-тан басқа бірде бір кең көлемді интеграциялық жоба жоқ, кеңестік кеңістік пен Орталық Азияға ықпал ету тетігі болмақ. ЕурЭҚ кеңестік елдерінің интеграциялық негізін қалаушы, бұрынғы кеңестік кеңістіктегі ең алғашқы нақты қызмет атқарушы интеграциялық жоба болуға әбден ылайықты.

Қорыта айтқанды евразиялану теориясы жана ұғым емес. Сонау XX ғасырдың басында орыс ғалымдары Ресейдің басшылығымен Еуразиялық Қауымдастықты құру жобасын ұсынған. Бірақ бұл идея тәжірибе жүзінде іске аспады.

X ғасырдан соңында бұрынғы кеңестік кеңістікте тәуелсіз мемлекеттер интеграциясының қажеттілігі заман талабы болды. Алғашқы қадамдар жасалып, ЕурЭҚ құрылды. ЕурЭҚ – бұл халықаралық экономикалық ұйым, оған ортақ кедендік шекара қызметтері үлестірілген, ортақ сыртқы экономикалық саясаты жасалған, тарифтер, баға және басқа да ортақ нарықтық қызметтері құрылған елдер кірді (Беларуссия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан).

ЕурЭҚ - Кедендік одақтың қатысушы мемлекеттерінің біртұтас экономикалық кеңістігін қалыптастыру үдерісін тиімді жылдамдату үшін, олардың дүниежүзілік экономика мен халықаралық сауда жүйесіне үйлесімді интеграциялану үшін құрылған ұйым. Ұйымның іс-әрекетінің маңызды бағыттарының бірі – Қауымдастық елдерінің экономикалық потенциалын тиімді пайдалана отырып, халықтың өмір сүру деңгейін көтеру мақсатында әлеуметтік-экономикалық өзгерістеріге бейімделуді қиыстыру арқылы динамикалық дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

ЕурЭҚ-тың таяу болашақтағы іс-әрекетінің басымды бағыттарының қатарына жататындар:

- көлік – біріккен тариф мәселесін шешу, жүк тасымалын арттыру, кедендік рәсімдерді жеңілдету, мемлекет ішілік рәсімдерді жазылған келісім бойынша аяқтау, трансұлттық көлік-экспедициялық корпорация құру;

- энергетика – орталық Азияның жылу энергетикалық кешенін бірлесіп құру және электроэнергиямен және сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу, біріккен энергетикалық балансықа көшу;

- еңбек миграциясы – мигранттарды әлеуметтік қорғау, еңбек ресурстары миграциясын бақылау және реттеудің пәрменді жүйесін құру, қылмысқа ұштасатын миграциямен күресу, мигранттар мен оларға жұмыс берушілердің төлейтін салығымен байланысты мәселені шешу;

- агроөнеркәсіптік кешен – ЕурЭҚ мемлекеттерінің ауылшаруашылық саясатымен келісу, Қауымдастық елдерінің ортақ азық-түлік нарығын қалыптастыру, ауылшаруашылық өнімдерін сақтау, тасымалдау, өткізу шығындарын азайту, осы салада жаңа нарықтық институттарды қалыптастыру (сақтандыру, банктік, лизингтік, биржалық және т.б.).

Әдебиеттер

1. Бураковский А. ЕврАзЭС: намерения и перспективы, 2003.
2. Рожкова М.А. Актуальные вопросы законодательства Евразийского экономического сообщества. //журнал «Законодательство», 2001. - № 10.
3. Кембаев Ж.М. Евразийское экономическое сообщество: правовые основы деятельности, проблемы и перспективы развития // Государство и право, 2008. - №10.

Б.Б. Калыкова, А. Саяпил

ЕВРАЗИЙСКОЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СООБЩЕСТВО: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ДАЛЬНЕЙШЕГО РАЗВИТИЯ

Интеграционные проекты на постсоветском экономическом пространстве сталкиваются с преобладающей тенденцией противоположного характера – с дезинтеграцией. Экономическая взаимозависимость постсоветских государств падает, разрушая тем самым фундамент интеграционных процессов.

B.B. Halikova, A. Sayapil

FUTURE PROBLEMS OF THE EURASIAN ECONOMIC ASSOCIATION

Integration projects on Post-Soviet economic space face a prevailing tendency of opposite character – with disintegration. Economic interdependence of the Post-Soviet states is destroying thereby the base of integration processes.